

**М. Б. Тілеуқұлов, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Е. Т. Әбеуов, әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент**  
**(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ**

Мемлекеттік қызметтің құрамды қағидаларын анықтамай, осы қызметтің маңызы мен негізі белгілерін анықтау мүмкін емес.

Мемлекеттік қызметтің қағидалары келесідей сұрақтарға жауап береді: мемлекеттік қызметтің институтында ең бастысы не, мемлекеттік — қызметтік қарым-қатынас жүйесіне тұрақты серігі не, мемлекеттік қызметтің кешенді құқықтық институты қандай институт қарамағындағы кіші институттарсыз қызмет етуі мүмкін емес.

Мемлекеттік қызмет қағидаларының негізгі мәні мемлекеттік қызметтің «заңдық тағдырын», өмір сүру қабілетін, тәжірибелік ұйымын және шынайы қалыптасуын айқындайды<sup>1</sup>.

Қызметтің барлық қағидалары атқарушы биліктің маңызды бастамасы — белсенділік белгісі болып табылады. Әкімшілік саласындағы білікті маман В. М. Манорин мемлекеттік қызмет талаптарының қағидалары деп түсінеді:

- 1) мемлекеттік қызметке қандай да бір қатысы бар, барлық тұлғалар мен ұйымдардың міндеттілігі;
- 2) мемлекеттік қызметтің барлық түрлеріне таралады;
- 3) мемлекеттік қызметтің мазмұнынан құралатын барлық ұйымдастырушылық, құқықтық және басқа да жақтары қамтылады<sup>2</sup>.

Осылайша мемлекеттік қызмет қағидаларының кейбір мәселелері, ІО-ның мемлекеттік қызмет институттары үшін маңызды болып келеді. ІО мемлекеттік қызмет қағидаларының термині құрастырушы белгілерін, негізгі мінездемесі, ІО мемлекеттік қызмет өзінің маңызды мазмұны мен мәнін және сонымен қоса бір атты құқықтық институт құрылымының, басты заңдық жағдайын білдіреді.

ІО-ның мемлекеттік қызмет қағидаларын талдау арқылы келесі маңызды негіздерді ескере кету қажет: 1) ІО-ның мемлекеттік қызмет қағидаларының ұғымы; 2) осы қағидалардың заңнамалық бекітілуі; 3) ІО-ның мемлекеттік қызмет қағидаларының түрі мен мазмұны. Қазіргі заманғы заң шығарушы ІО-ның мемлекеттік қызмет қағидаларына анықтама бермейді, алайда заңнамаларда және басқа да нормативтік актілерде әртүрлі реттерде қарастырыды. Осыған сәйкес берілген уақытта ІО мемлекеттік қызмет қағидаларының құқықтық жағдайы, функцияларына, ІО-ның қызметкерлерінің қызметіне, мемлекеттік қызметтердің қарым-қатынасының, мемлекеттік құқықтық бірқалыптылығының мықтылығына, сонымен қатар ІО-ның мемлекеттік қызметінің заң шығарушылық тенденциясына сүйенеді. ІО-ның мемлекеттік қызмет қағидалары шартты түрде мемлекеттік қағидалардың құрылуы мен ІО және мемлекеттік басқарудың бар болуымен байланысты. ІО-да мемлекеттік қызмет қағидалары ғылыми санат болып саналады да, тек қана ІО-ның мемлекеттік қызметінің ұйымдастырылуы мен құрылымының жан-жақты негіздерін бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар ІО-ның жүйесін және ішкі жүйедегі қиын қатынастардың мазмұнын да анықтайды.

Қоғамдық ғылымда қағидалар туралы қоғам мен мемлекеттің заңшектерінің объективті дамуы, өткізілген жағдайлармен және теориялық ойлармен түсіндіріледі.

Қағидалар — мемлекеттік органдар қызмет етуін жаңа үкімет құрудың негізін құрайды (өкілдік, орындаушы және соттық билік). Мемлекеттік қызметтің қағидалары бұл — негіз болағын ойлаулар, тапсырмаларды ғылымға жүгіне отырып жүзеге асыруға бағытталған анықтамалардың мемлекеттік органдардың функциялары мен дәрежелерінің, мемлекеттік қызметкерлердің (борышын атқарушылар) құқықтарының мемлекеттік билікте және мемлекеттік қызметте іске асырады. ІО-дағы мемлекеттік қызметтің қағидалары объективті неғұрлым маңызды белгілерін көрсетеді: олар ІО қызметкерлерінің әкімшілік жұмысты басқарушылық, орындаушылық, билік етушілік, жалпы мінез-құлқын ашады, сонымен қатар қылмыстық институтты қалыптастырады. Бұл қағидалар ІО-ның мемлекеттік қызметкерлерінде туындайтын заңдылық пен әлеуметтік құндылық қатынасының маңыздылығын айқындайды.

ІО-ның мемлекеттік қызметінің қағидалары — бұл субъективтік түсінік. Олар заң шығарушы органның қол жеткізген дәрежесіне, қылмыстық жүйенің маңызды жағдайларына және нақты қылмыстық тәжірибеге сүйене отырып, адаммен (заң шығарушымен) құрастырылады. ІО-дағы мемлекеттік қызметінің қағидалары, мемлекеттік қызметтік қатынас жүйесінде туындайтын объективтік байланыста көрініс табады.

<sup>1</sup> Бахрах Д. Н., Хазанова С. Д. Государственная администрация, ее органы и служащие. — Екатеринбург, 1998. — 64-б.

<sup>2</sup> Манохин В. М. Советская государственная служба. — М., 1966. — 16-б.